

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескеруді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Айнұр Аманғалиқызы Баймырзаның «Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі» атты диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының мақсаттары ұлттық тілдік сәйкестілік, көптілді білім берудің маңыздылығын айқындайды. Бұл аталған мәселелер зерттеу жұмысының мемлекеттік бағдарламалар аясы тұрғысынан өзектілігін нақтылай түседі. 2025 жылдың наурыз айында өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев: «Жастардың ашық, білімді болып, үнемі таным жолында жүруі аса маңызды. Ал аға буынның міндеті – жастарды дұрыс жолға бағыттап, оларды жалпыадамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу. Ұлттық болмысты сақтай отырып, жаңашылдыққа ұмтылу қажет. Сонда ғана біз тек оқитын емес, өзгелерге де үйрететін ұлтқа айналамыз», – деген Мемлекет басшысының бұл пікірі білім беру, рухани бағдар және мәдени сабақтастық арасындағы өзара байланыс пен олардың үздіксіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын айқындайды.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Айнұр Аманғалиқызы Баймырзаның диссертациялық жұмысы ғылымға, оның ішінде қазақстандық әлеуметтік лингвистика саласының дамуына елеулі үлесін қосады, ал оның

		маңыздылығы ҚР жастар тілінің сәйкестілігі мен көптілділігі мәселесін теориялық және практикалық тұрғыдан қарастыруымен ашылған. Қазіргі Қазақстанның этногилдік ландшафты, бір жағынан, этникалық және тілдік алуан түрліліктің жоғары дәрежесімен, екінші жағынан, екі этнос (қазақ және орыс), сандық жағынан қалған барлық этностардан үстем болуымен сипатталады. Ал, қазақ және орыс тілдері коммуникативтік тұрғыдан пәрменді екі негізгі серіктес болып табылады. Этникалық және мәдени тұрғыдан бірыңғай емес қоғам өкілдері бір мезгілде екі не одан да көп тілдерді қолдануы олардың көптілділігін тілдік сәйкестіліктерімен қатар кешенді түрде зерттеуді талап етеді. Жаһандану мен жаңғыру жағдайында ұлттық тілдік сәйкестілікті сақтау ғана емес, сондай-ақ, қоғамның белсенді әлеуметтік-демографиялық тобы – жастардың бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ететін көптілділікті дамыту қажеттілігі туындауда. Жастар тілдік үдерістерді зерттеуде ерекше орын алады, себебі дәл осы ұрпақ қазіргі заманның талаптарына сай өзгерістерге белсенді түрде қатысуда.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. Диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі Қазақстанның тілдік ахуалындағы көптілді жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасу үдерістерін кешенді түрде зерттеудің қажеттілігімен негізделген. Бұл елдегі әлеуметтік-мәдени үдерістерді түсінуге және ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге, сондай-ақ, көптілді бәсекеге қабілетті қоғамды дамытуға бағытталған тіл саясатын онтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге ықпал етеді. Қоғамның белсенді әлеуметтік-демографиялық тобы және

		тұлғалық әлеуметтенудің ең маңызды сатысында тұрған жастардың көптілігін нақты әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде түсіндіру зерттеу жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Көптілділік кең таралған құбылыс болғанымен, оның әрбір елдегі, әрбір ұрпақтағы көрінісі әртүрлі. Қазақстан жағдайында үштілділік саясатының есерінен қалыптасқан ерекше көптілділік моделі бар. Осы модельдің жастар арасындағы тілдік сәйкестілікке қалай әсер ететінін зерттеу ғылыми тұрғыдан аса маңызды. Өйткені, тілдік сәйкестілік арқылы тілге деген қарым-қатынас анықталады. Адам өзін қай әлеуметтік топқа жатқызса, сол топтың тілімен өзін сәйкестендіреді, яғни сол топтың тілінде сөйлейді. Сөйлемеген жағдайдың өзінде оны сыйлайды, символдық мәнін түсінеді. Әр қазақстандық ұлтына қарамастан азаматтық сәйкестілігінің бір құрамдас бөлігі ретінде тілдік сәйкестілігі шеңберінде қазақ тілін біледі, білуге ұмтылады. Осыдан көптілді жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтау өзектілігі көрінеді. Көптілді ортада өсіп келе жатқан жастарда бір тілге басымдық беріп, басқа тілдерден алшақтау немесе, керісінше, ана тілінен алыстау сияқты мәселелер туындайды. Бұл құбылыстарды уақытында түсініп, ғылыми негізде шешу қоғам үшін де, тіл саясаты үшін де маңызды әрі өзекті.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация тақырыбы «Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі» деп аталады. Қазіргі қоғам үшін де тіл саясаты үшін де өзекті тақырыпты диссертант Айнұр Аманғалиқызы жұмыстың бірінші тарауында тілдік сәйкестілік пен көптілділік құбылысын зерттеудің теориялық негіздерін үш тараушада қарастырып баяндаған. Әрі қарай екінші және үшінші тарауларда жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігі зерттеудің сандық және сапалық әдістеріне сәйкес талданады, нақтылы тұжырымдар жасалады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>;	Диссертант зерттеудің мақсатын «Жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің өзара байланысын әлеуметтік лингвистикалық параметрлер

	2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	арқылы айқындау және көптілділік жағдаятындағы студенттердің тілдік сәйкестілігін модельдеу» деп көрсетіп, осы мақсатқ жетуде алдына 5 түрлі міндет қояды: 1. Жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеудің теориялық негіздерін айқындау арқылы зерттеудегі «жастардың тілдік сәйкестілігі» ұғымының мәнін ашу. 2. Қазақстандағы көптілділік құбылысының әлеуметтік лингвистикалық сипатын саралап, оның жастардың тілдік сәйкестілігіне ықпалын айқындау. 3. Халық санағы, ресми статистика, Гринберг индексі қолдана отырып, жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің сандық көрсеткіштерін анықтап, олардың өзара байланысын сипаттау. 4. Көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілік типологиясын жасау. 5. Көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілігінің құрылымдық моделін ұсыну. Аталған міндеттар диссертацияда нақты орындалып, әр қайсысы бойынша ғылыми негізделген тұжырымдар жасалған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертант Айнұр Аманғалиқызы диссертациясының барлық бөлімдері мен ережелері арасында логикалық байланыс бар. Негізгі бөлімнің бірінші тарауында (15-47 бб.) жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділік мәселелері туралы теориялық негіздемелер беріліп, мәселенің ғылымда қарастырылуына шолулар жасап, ғалымдар көзқарастары мен пікірлерін талдайды. Солардың негізінде өзіндік тұжырымдар жасайды. Одан соң екінші тарауда теориялық негізделген мәселені зерттеудің сандық әдістемесі тұрғысынан халық санағы мен ресми статистиканы, Гринберг көптілділік индексі, сондайақ Қазақстанның 5 қаласынан 1 университеттің 1-курста оқитын 500 студенттен алынған сауалнаманы пайдалана отырып, көптілді жастардың ана тілі және этникалық сәйкестілігінің өзара байланысын көрсетеді, өзіндік тұжырымдар жасайды (48-77 бб.). Ал жұмыстың

	үшінші тарауында зерттеудің сапалық әдісіне сәйкес жастардың тілдік сәйкестілігінің әлеуметтік және коммуникативтік көріністерін, тілдік сәйкестіліктің тілге қарым-қатынас арқылы репрезентациялануын, жастардың тілдік сәйкестілігіндегі ішкі қайшылықтарын сауалнаманың тілдік тәжірибеге қатысты сұрақтарына берілген жауаптар мен жартылай құрылымдалған сұхбат жауаптары арқылы талдайды (78-112 бб.).
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	1) сыни талдау бар. Атап айтқанда диссертация авторы жұмыстың бірінші тарауында мынадай тұжырым жасайды: «Ғылыми <i>әдебиеттерді</i> шолу барысында <i>тілдік сәйкестіліктің</i> тіл мен қоғамның өзара байланысының <i>нәтижесі</i> екендігі, <i>әртүрлі әлеуметтік топтардың мәдени және әлеуметтік ұстанымдарын білдіретін құрал</i> екендігі және оның <i>тарихи, саяси, мәдени жазғайларға байланысты өзгеріп отыратын динамикалық табиғаты</i> нақтыланды. Осыған орай, <i>әлеуметтік топ ретінде жастардың тілдік сәйкестілігін және көптілігін байланыстыра зерттеп, осы байланыстың негізгі әлеуметтік лингвистикалық параметрлерін анықтауда келесі жұмыс анықтамаларын тұжырымдаймыз: жастардың тілдік сәйкестілігі – өзін белгілі бір лингвомәдени топпен сәйкестендіру арқылы анықталатын сыртқы қабаттан және тілдік құзыреттілік, тілдік тәжірибе, тілге қатынас арқылы айқындалатын ішкі қабаттан тұратын күрделі әлеуметтік лингвистикалық категория» (46-бет).</i> Диссертацияның екінші тарауындағы диссертанттың: «2009 және 2021 жылдардағы Халық санағының мәліметтері салыстырылғанда, қазақ тілін меңгергендердің үлесі артып, орыс тілін меңгергендердің үлесі азайғаны байқалады. Бұл әсіресе қазақ тілін меңгерген орыс ұлтынан басқа ұлттар арасында байқалды. Ал ағылшын тілін меңгеру деңгейі жалпы түрде өскенін көрсетеді, бұл жаһандану мен халықаралық байланыстардың күшеюімен байланысты болуы мүмкін» (76-

		бет) деген тұжырымдары бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Ал үшінші тарауда: «Зерттеу барысында көптілі орта жағдайындағы студент жастардың тілдік сәйкестілігіне талдау жасалып, тілдік тәжірибе мен этникалық-мәдени бағдарлардың арақатынасы негізінде бес шартты тип айқындалды. Эксперименттік сауалнама және жартылай құрылымды сұхбат нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ тіліне қатысты ішкі қабаты бойынша студент жастардың тілдік сәйкестілігінің бес типі ажыратылды» (112-бет) деген тұжырым жасалады.
5.	Ғылыми жаңашылық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). Қазақстандағы жастар тілі, тілдік сәйкестілігі өзекті тақырып ретінде зерттеліп келеді. Бірақ бұл диссертациялық жұмыста жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің өзара байланысын әлеуметтік лингвистикалық параметрлер арқылы айқындалып, көптілділік жағдаятындағы студенттердің тілдік сәйкестілігі бірнеше аспектіде моделденген. Сондықтан оны толығымен жаңа деп айтуға болады. Диссертациялық жұмыстың жаңашылығы келесі аспектілерде көрініс табады: 1. Жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеудің теориялық негіздері айқындалып, «жастардың тілдік сәйкестілігі» ұғымының мәні ашылды. Жастардың тілдік сәйкестілігі ішкі және сыртқы қабаттан тұратын күрделі әлеуметтік лингвистикалық категория ретінде сипатталды; 2. Қазақстандағы көптілділік құбылысының әлеуметтік лингвистикалық сипаты сараланып, оның жастардың тілдік сәйкестілігіне ықпалы айқындалды. Қазақстандағы көптілділік қазақ, орыс, ағылшын және басқа ұлттық немесе шет тілдерінің өзара байланысына негізделген әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретінде сипатталып, оның жастардың тілдік сәйкестілігімен өзара тәуелді байланысы ғылыми тұрғыда негізделді; 3. Халық санағы, ресми статистика, Гринберг индексын қолдана

	отырып, жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің сандық көрсеткіштері анықталды және олардың өзара байланысы сараланды; 4.Көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілік типтері ғылыми тұрғыда жіктелді. Студент жастардың тілдік сәйкестілігі шартты бес типке бөлініп, олардың сипаттамасы берілді. Және сол типология негізделген мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді; 5.Көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілігі құрылымдық модель түрінде көрсетілді. Құрылымдық модель арқылы жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігінің әлеуметтік лингвистикалық байланысының жүйелі бейнесі жасалды.
5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертанттың жұмыс қорытындысындағы: «Студент жастардың тілдік сәйкестілігінің сандық көрсеткіштерін анықтау оның көпқабаттылық (ішкі және сыртқы қабаттар) құрылымына негізделеді. Тілдік сәйкестіліктің сыртқы қабаты халық санағында қолданылатын «ана тілі» категориясы арқылы өлшенеді: студент қай тілді ана тілі ретінде таныса, сол оның тілдік сәйкестілігінің сыртқы қабатының индикаторы. Ішкі қабаттың сандық көрсеткіштері тілдік құзыреттілік (тілдерді меңгеру деңгейі) және тілдік тәжірибе (тілдерді қолдану жиілігі мен салалары) арқылы сипатталады. Студент білетін және қолданатын тілдерінің саны мен деңгейі оның тілдік сәйкестілігінің ішкі қабатының негізгі параметрлері болып саналады. Көптілділік те тілдік тәжірибеге негізделетіндіктен, студенттің тілдерді білуі мен қолдануы тілдік сәйкестіліктің ішкі қабаты мен көптілділік деңгейінің ортақ сандық көрсеткішін құрайды»(114-б)деген қорытындысы толығымен жаңа. Сондай-ақ «Көптілді ортадағы студенттердің тілдік тәжірибе мен этникалық-мәдени бағдарлардың арақатынасы негізінен туындайтын бес тип айқындалды: тұтас ұлттық

		сәйкестілік, мәдени доминатты сәйкестілік, интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік, полилингвалды сәйкестілік. Тілдік сәйкестіліктің ішкі қабаты бойынша белсенді, дағдарысты, әлеуетті, шектелген және бейтарап типтері айқындалды. Бұл типологиялар шартты болып табылады, өйткені тілдік сәйкестілік динамикалық құбылыс болған соң, оның типтері де өзгермелі, тұрақты шекаралары болмайды» (115-бет) деген қорытынды да толығымен жаңа болып табылады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижелері әлеуметтік лингвистика, көптілділік, тілдік сәйкестілік мәселелеріне арналған болашақ ғылыми жұмыстарға теориялық және практикалық тұрғыдан негіз бола алады. Сонымен қатар бұл зерттеу елдегі ұлттық тұтастық және көптілділікке қатысты саясатты жетілдіру үшін мемлекеттік құрылымдар мен білім беру мекемелеріне әдістемелік ұсынымдар дайындауға көмектеседі. Бұл зерттеу тек лингвистикалық ғылымның дамуына ғана емес, сонымен қатар қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіруге де өз үлесін қоса алады. Сондықтан толығымен жаңа деп бағалауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<u>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</u> Атап айтқанда: 1. Қазақстан – көпэтносты, көптілді мемлекет, және оның жас ұрпағы да осы тілдік ортада өмір сүреді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қатар қолданылуы жастардың бір ғана тілмен шектелуіне мүмкіндік бермейді. Жастардың тілді тандау еркіндігі, олардың көптілділігі мен тілдік сәйкестілігін қатар қарастыру қажеттілігін тудырады. 2. Көптілділік тілдік сәйкестілікке әсер етеді. Жастар бірнеше тіл білсе де, олар өзін белгілі бір тілдік топпен сәйкестендіреді. Бұл сәйкестендіру объективті (қай тілде сөйлейді) және субъективті (қай тілді өзінің мәдени, этникалық немесе азаматтық сәйкестілігінің бір бөлігі ретінде қабылдайды)

факторларға негізделеді.

3. Көптілділік тілдік сәйкестілік дағдарысына әкелуі мүмкін. Көптілді ортада өскен жастар кейде қай тілмен өзін сәйкестендіру керектігін анықтай алмауы мүмкін. Бұл «тілдік сәйкестілік дағдарысы» деп аталатын құбылысқа алып келеді. Мысалы: Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қолданатын жас қай тілді өзінің негізгі сәйкестілігі ретінде көреді? Орыс тілінде сөйлейтін қазақ жастарының бір бөлігі қазақ тіліне деген қатынасы қандай?

4. Мемлекеттік тіл саясаты екі үдерісті де қатар дамытады. Қазақстандағы үштілділік саясаты қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін нығайта отырып, орыс және ағылшын тілдерінің коммуникативтік функцияларын сақтауды көздейді. Яғни, мемлекет бір мезгілде: қазақ тілін меңгеру арқылы тілдік сәйкестілікті нығайтуға; орыс және ағылшын тілдерін меңгеру арқылы көптілділік дағдыларын дамытуға басымдық береді.

5. Жастар үшін көптілділік – қажеттілік, ал тілдік сәйкестілік – таңдау. Көптілділік – бүгінгі таңда еңбек нарығына бейімделу, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болу үшін қажет. Ал тілдік сәйкестілік – тұлғаның ішкі жан дүниесінің, мәдени және этникалық санасының көрінісі. Мысалы: жастар ағылшын тілін меңгеруді қажет деп санаса да, оны өзінің тілдік сәйкестілігінің бір бөлігі ретінде қабылдамайды. Кейбір жастар қазақ тілінде еркін сөйлемесе де, оны ұлттық және азаматтық сәйкестілігінің ажырамас бөлігі ретінде көреді.

6. Тілдік сәйкестілік әлеуметтік ортаның ықпалымен өзгеруі мүмкін. Жастардың тілдік сәйкестілігі тұрақты құбылыс емес, ол өмір бойы өзгеруі мүмкін және оның қалыптасуына білім беру ортасы, медиа, отбасылық тәрбие, саяси және экономикалық факторлар әсер етеді. Мысалы, қазақ тілін үйренбеген жас шетелде білім алғаннан кейін немесе қазақтілді ортаға енгеннен кейін оны өзінің тілдік сәйкестілігінің бір бөлігі ретінде қабылдауы мүмкін. Көптілділік деңгейі артқан сайын жастар белгілі бір тілге деген көзқарасын өзгертіп,

		тілдік сәйкестілігіне жаңа элементтер енгізуі мүмкін. Осы себепті диссертацияда жастардың тілдік сәйкестілігі негізгі нысан, ал көптілділік тілдік сәйкестілік құбылысының қалыптасатын және өзектелетін тілдік хуал формасы ретінде қарастырылады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	7.1. Ереже дәлелденді ме? Диссертант Айнұр Аманғалиқызының жұмысы алдына қойған мақсаты мен шешуі қажет міндеттері және олардың орындалуы барысында алған нәтижелі ережелері жан-жақты дәлелденген. Атап айтқанда: 1. Жастардың тілдік сәйкестілігі – өзін белгілі бір лингвомәдени топпен сәйкестендіру арқылы анықталатын сыртқы қабаттан және тілдік құзыреттілік, тілдік тәжірибе, тілге қатынас арқылы айқындалатын ішкі қабаттан тұратын күрделі, динамикалық әлеуметтік лингвистикалық категория. Бұл категория жас адамның тілдік мінез-құлқын, тілдік тандауын, көптілді ортадағы бағдарын, өзін белгілі бір этнотілдік топтың мүшесі ретінде қабылдауын, сондай-ақ тілге қатысты ұстанымдарын кешенді түрде сипаттайды. Жастардың тілдік сәйкестілігі мемлекеттік тіл саясаты, демография, ұлттық идеология, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, цифрлық кеңістік сынды макроәлеуметтік факторлар және білім беру институттары, отбасы, достар сынды макроәлеуметтік факторлардың ықпалымен өзгеріп, үнемі жаңарып отырады. 2. Жастардың тілдік сәйкестілігі осы көптілді ортада қалыптасады және тікелей көптілді тәжірибеге тәуелді. Көптілділік пен тілдік сәйкестілік арасында екіжақты байланыс бар: бір жағынан, көптілділік – тілдік сәйкестілікті қалыптастырудың сыртқы әлеуметтену тетігі, екінші жағынан, тілдік сәйкестілік көптілділіктің ішкі мотивациялық және құндылықтық өзегі. 3. Студент жастардың тілдік сәйкестілігінің сандық көрсеткіштерін анықтау оның көпқабаттылық (ішкі және сыртқы қабаттар) құрылымына негізделеді. Тілдік
	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиальды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиальды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің	

		дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. сәйкестіліктің сыртқы қабаты халық санағында қолданылатын «ана тіл» категориясы арқылы өлшенеді: студент қай тілді ана тілі ретінде таныса, сол оның тілдік сәйкестілігінің сыртқы қабатының индикаторы. Ішкі қабаттың сандық көрсеткіштері тілдік құзыреттілік (тілдерді меңгеру деңгейі) және тілдік тәжірибе (тілдерді қолдану жиілігі мен салалары) арқылы сипатталады. Студент білетін және қолданатын тілдерінің саны мен деңгейі оның тілдік сәйкестілігінің ішкі қабатының негізгі параметрлері болып саналады. 4. Көптілді ортадағы студенттердің тілдік тәжірибе мен этникалық-мәдени бағдарлардың арақатынасы негізінен туындайтын бес тип айқындалды: тұтас ұлттық сәйкестілік, мәдени доминатты сәйкестілік, интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік, полилингвалды сәйкестілік. Тілдік сәйкестіліктің ішкі қабаты бойынша белсенді, дағдарысты, әлеуетті, шектелген және бейтарап типтері айқындалды. Бұл типологиялар шартты болып табылады, өйткені тілдік сәйкестілік динамикалық құбылыс болған соң, оның типтері де өзгермелі, тұрақты шекаралары болмайды. 5. Көптілді ортада қалыптасқан студент жастардың тілдік сәйкестілігі – үш деңгейден (танымдық-коммуникативтік деңгей, эмоциялық-бағалауыш деңгей, әлеуметтік-мәдени деңгей) тұратын күрделі құрылымдық модель. Танымдық-коммуникативтік деңгей көптілді тұлғаның тілдік білімінің, сөйлеу тәжірибесінің және тілдерді нақты коммуникативтік жағдаяттарда тиімді пайдалану қабілетінің жиынтығын қамтиды. Эмоциялық-бағалауыш деңгей жастардың тілге деген ішкі қатынасы, сезімдік байланысы мен құндылықтық бағдары арқылы көрініс табады. Әлеуметтік-мәдени деңгей тұлғаның тілдік тәжірибесінің әлеуметтік контекспен және этникалық сәйкестілікпен байланысын бейнелейді. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер жоғарыда айтқандай өзіндік жаңалығы бар, қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың дамуына үлес қосатын ережелер болып
--	--	---

		табылады. Сондықтан оларды тривиалды деп айтуға болмайды. 7.3. Диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған қорғауға шығарылған негізгі ережелері жана болып табылады. Атап айтқанда: 1. Жастардың тілдік сәйкестілігі – өзін белгілі бір лингвомәдени топпен сәйкестендіру арқылы анықталатын сыртқы қабаттан және тілдік құзыреттілік, тілдік тәжірибе, тілге қатынас арқылы айқындалатын ішкі қабаттан тұратын күрделі, динамикалық әлеуметтік лингвистикалық категория. 2. Жастардың тілдік сәйкестілігі осы көптілі ортада қалыптасады және тікелей көптілі тәжірибеге тәуелді. 3. Тілдік сәйкестіліктің сыртқы қабаты халық санағында қолданылатын «ана тілі» категориясы арқылы өлшенеді: студент қай тілді ана тілі ретінде таныса, сол оның тілдік сәйкестілігінің сыртқы қабатының индикаторы. Ішкі қабаттың сандық көрсеткіштері тілдік құзыреттілік (тілдерді меңгеру деңгейі) және тілдік тәжірибе (тілдерді қолдану жиілігі мен салалары) арқылы сипатталады. 4. Көптілі ортадағы студенттердің тілдік тәжірибе мен этникалық-мәдени бағдарлардың арақатынасы негізінен туындайтын бес тип айқындалды: тұтас ұлттық сәйкестілік, мәдени доминатты сәйкестілік, интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік, полилингвалды сәйкестілік. Тілдік сәйкестіліктің ішкі қабаты бойынша белсенді, дағдарысты, әлеуетті, шектелген және бейтарап типтері айқындалды. 5. Көптілі ортада қалыптасқан студент жастардың тілдік сәйкестілігі – үш деңгейден (танымдық-коммуникативтік деңгей, эмоциялық-бағалауыш деңгей, әлеуметтік-мәдени деңгей) тұратын күрделі құрылымдық модель. 7.4. Диссертанттың қорғауға шығарылған негізгі ережелерінің қолдану деңгейі кең. Алынған әлеуметтік лингвистикалық деректер лингвистер, әлеуметтанушылар, аудармашылар, білім беруді басқару саласындағы менеджерлерге, сонымен қатар, жастармен жұмыс істейтін мемлекеттік құрылымдарға, тіл
--	--	---

			саясатын жүзеге асыратын ұйымдарға практикалық материал ретінде пайдалы болуы мүмкін. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны отандық және шетелдік басылымдарда 12 ғылыми мақала ретінде жарық көрген: Оның ішінде Scopus мәліметтер базасында 3 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, отандық халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	Диссертациялық жұмыста зерттеу әдіснамасы нақты жазылған. Атап айтқанда: 1.Тілдік сәйкестілік пен көптілділік феноменіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге салыстырмалы шолу жасау, ұғымдық-терминологиялық базаны нақтылау мақсатында теориялық талдау әдісі пайдаланылған. 2.Жастардың тілдік ерекшеліктерін, жалпы тілдік жағдаятты түсіну үшін бақылау әдісі қолданылған. 3.Әлеуметтік лингвистикалық сауалнама әдісі жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейін анықтау үшін қолданылған. Сауалнама сұрақтары жастардың тіл тандауы, тілге көзқарасы, коммуникативтік жағдайдағы тілдік мінез-құлқы, ана тілі мен этникалық сәйкестілікке қатынасы сияқты аспектілерді қамтыды. 4.Жартылай құрылымдық сұхбат әдісі сауалнама нәтижелерін тереңдетіп талдау және жастардың тілге құндылықтық, эмоциялық қатынасын айқындау үшін жүргізілген. Бұл әдіс жастардың ішкі мотивациясы мен тілдік тәжірибесін терең түсінуге мүмкіндік берді. 5.Статистикалық және индекстік талдау әдісі көптілділіктің сандық деңгейін анықтауда пайдаланылған. 6.Салыстырмалы-талдау әдісі әртүрлі әлеуметтік топтар мен

		өңірлердегі студенттердің тілдік сәйкестілігі мен тілге қатынас ерекшеліктерін салыстыруда, аймақтық және мәдени айырмашылықтарды анықтауда қолданылған.	Зерттеуге әлеуметтік топты тандаудың ғылыми негіздемесі келесі факторлармен айқындалады: аймақтық еркелікті қамту; қала-ауыл әлеуметтік орта ерекшеліктерін анықтау; жастардың көптілі әлеуеті – 2009 және 2021 жылдардағы ұлттық халық санағы деректері бойынша 16-29 жас аралығындағы жастар Қазақстандағы ең көптілі әлеуметтік-демографиялық топ болып саналады. Осыған байланысты, 1-курс студенттері тілдік сәйкестіліктің динамикасын зерттеуге ең қолайлы эмпирикалық база ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, фокус-топ шеңберінде 20 жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Жалпы аудиозаба көлемі – 2,5 сағат.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Зерттеу материалы сандық және сапалық деректер кешенінен тұрады. Сандық материал ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы ұсынған 2009 және 2021 жылдардағы халық санағы деректері, тілдік құрам мен көптілілік деңгейіне қатысты ресми статистикалық мәліметтер, сондай-ақ Гринберг көптілілік индексі есептеуге арналған аймақтық және жас ерекшелігіне сай көрсеткіштер қолданылған. Сонымен қатар 2018 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология және әлем тілдері факультетінде жүргізілген барлығы 100 студент қатысқан пилоттық сауалнама нәтижелері және 2024 жылы жүргізілген барлығы 500 респондент қатысқан жаппай сауалнама нәтижелері қолданылған. Жаппай сауалнама респонденттері ретінде Қазақстан Республикасының түрлі өңірлеріндегі бес жоғары оқу орнының 1-курс студенттері қамтылған (әр өңірден 100 студенттен). Атап айтқанда: Астана қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; Петропавл қаласы, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті; Шымкент қаласы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік

		Қазақстан университеті; Ақтөбе қаласы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті; Өскемен қаласы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті. Зерттеуде келесі маңызды дереккөздер мен ғылыми еңбектер пайдаланылған: «New Language Identity in Transforming Societies: Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan» атты халықаралық зерттеу жобасының материалдары (INTAS, Брюссель, 2005–2008); «Көптілділік: Тіл – Сана – Мәдениет» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция еңбектер жинағы (Аханов мұрасына арналған, Алматы, 2008); Э.Д.Сүлейменова, Н.Ж.Шаймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х.Ақанова құрастырған «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің түсіндірме сөздігі» – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 бет; «Қазақстан халықтарының тілдері» атты әлеуметтік лингвистикалық анықтамалық – Алматы: Арман-ПВ, 2007. – 304 бет. Бұл еңбектер диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық базасын толықтырып, Қазақстандағы тілдік жағдай, көптілділік және тілдік сәйкестілік мәселелерін кешенді түрде зерделеуге негіз болған. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің тілдік ахуал, тілдік саясат, тілді жоспарлау, тіл идеологиясы, тілге көзқарас, тілдік сәйкестілік, көптілділік, қостілділік бойынша ізденген зерттеушілердің еңбектері алынған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы – 149 әдебиет.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.

	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.	Зерттеу жұмысында келтірілген негізгі тұжырымдар мен нәтижелер жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика бойынша элективтік курстарды оқытуда қажеттілікті өтей алады. Алынған әлеуметтік лингвистикалық деректер лингвистер, әлеуметтанушылар, аудармашылар, білім беруді басқару саласындағы менеджерлерге, сонымен қатар, жастармен жұмыс істейтін мемлекеттік құрылымдарға, тіл саясатын жүзеге асыратын ұйымдарға практикалық материал ретінде пайдалы болуы мүмкін.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u>.	Зерттеу нәтижелері әлеуметтік лингвистика, көптілділік, тілдік сәйкестілік мәселелеріне арналған болашақ ғылыми жұмыстарға теориялық және практикалық тұрғыдан негіз бола алады. Сонымен қатар бұл зерттеу елдегі ұлттық тұтастық және көптілділікке қағысты саясатты жетілдіру үшін мемлекеттік құрылымдар мен білім беру мекемелеріне әдістемелік ұсынымдар дайындауға көмектеседі деген сенімдеміз. Бұл зерттеу тек лингвистикалық ғылымның дамуына ғана емес, сонымен қатар қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіруге де өз үлесін қоса алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Диссертация академиялық жазу сапасы жағынан барлық талаптарын орындаған жұмыс деп жоғары деп бағалауға болады. Орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазылған. Техникалық жағынан есімделуі талапқа сай келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Дессертант Баймырза Айнұр Аманғалиқызының диссертациясы академиялық жазылым талаптарын орындаған, теориялық құндылығы мен практикалық, қолданбалық маңызы бар бірегей жұмыс. Бұл диссертация қазақ тіл білімінің, оның ішінде қазақстанның әлеуметтік лингвистиканың дамуына үлес қосатын құнды еңбек болып табылады. Дегенмен жұмыста кейбір терминдердің, кейбір ұғымдардың қолданысында бірегейліктен ауытқулар, кейбір стилдік қателіктер кездеседі. Атап айтқанда:

		1.Әлеуметтік лингвистикалық әдебиеттерде «тілдік жағдаят» термині кейінгі мемлекеттік құжаттарда, тіл дамыту бағдарламаларында, әлеуметтік лингвистикалық сөздіктерде т.б. «тілдік ахуал» терминімен беріліп жүр, сондықтан осы бірегейлікті ғылыми диссертациялық зерттеуерде осы термин қолдануы керек. 2.Кеңестік заманда қалыптасқан кейбір «көпұлтты Қазақстан», «орыс ұлты», «өзге ұлт өкілдері» т.б. атауларды: әлемдік кеңістікте қалыптасқан көп этносты Қазақстан», «орыс этносы» не «орыс диаспорасы», «өзге этнос өкілдері» не өзге этнос диаспоралары» атаулармен берілгені дұрыс болар еді. 3.Орыс тіліндегі «носители языка» деген термин диссертацияда «тіл иеленділері» түрінде берілген, бұл кейбір сөздіктерде де солай аударылған болуы мүмкін, бірақ оны «тіл сөйлеушілері» немесе «тіл тұтынушылары» деп аударған дұрыс сияқты. 4.Орыс тіліндегі «лингвистическое поведение» деген термин диссертацияда «лингвистикалық мінез-құлық», «тілдік мінез-құлық» деп аударылған, біздіңше бұл да дұрыс аударма емес сияқты, дұрысында оны «тілдік қолданыс» не «тілдік әрекет» деп қолданған дұрыс. Бұл көрсетілген терминдік, тілдік, ұғымдық кемшіліктер диссертациялының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, бірақ диссертанттың болашақ зерттеулерінде ескеретін тілдік қолданыстар болып табылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда	Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жариялаған мақалаларының жалпы саны – 12. Оның ішінде Scopus мәліметтер базасында 3 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 1 мақала, отандық халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарық көрген. Олар:

ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	1. Жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігін зерттеуде әдіс-тәсілдер тандау негіздемесі. ҚазҰУ хабаршысы, №1, 2016. 2. Тілдік сәйкестіліктің субъектісі – жастардың әлеуметтік мінездемесі. «Академик Ө. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция, Алматы, 22.04.2016-22.04.2016. 3. Языковая идентичность: к постановке вопроса. Абай ат. ҚазҰПУ, №3(57), 2016. 4. Қазақстандағы көптілділік ғылым призмасы арқылы. Абай ат. ҚазҰПУ, №4(58), 2016. 5. Language identity and multilingualism of Kazakhstanі society. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Прага, Чехия, 22-28.03.2017. 6. Языковая идентичность и полиязычие общества Казахстана. Профессор Э.Д. Сүлейменова құрметіне арналған «Ғылым және білім берудегі жаңа трендтер» атты ІІ ғылыми-әдістемелік симпозиум, 2017. 7. Роль русского языка в процессах языковой языковой идентификации студенческой молодежи Казахстана. VII Международная конференция «Сохранение, поддержка и продвижение русской культуры и языка за рубежом» 28-29.11.2017. 8. The role of the Russian language in the determination of Kazakh students. Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 800-817 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. 9. Language identification processes of the youth. «Тілтаным» журналы, №3 (2021), 28-36 бб. 10. Influence of state language development programs on the formation of language identity. Journal of Language and Linguistic Studies. Vol. 18, No. 1 (2022). 11. The Impact of Linguistic Identity on the Perception of Abai's Poetry. Forum for Linguistic Studies, 2024, 6(5), 239–246. 12. The Impact of Native and Foreign Languages on the Linguistic Identity Formation of Kazakhstanі Youth. Forum for Linguistic
--	--

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Studies, 2024, 6(5), 247–257. 6D021300 – лингвистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынған Баймырза Айнұр Аманғалиқызының «Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі» тақырыбына жазылған жұмысы талапқа сай жазылған еңбек деп санаймыз. Диссертациялық жұмыстың авторы Баймырза Айнұр Аманғалиқызы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.
-----	---	--

Ресми рецензент:
Филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт аға атындағы Қызылорда университетінің
аға оқытушысы

17.12.2025 жыл.

ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

ЗАВЕРЯЮ ПОДПИСЬ

Абасилов Аман Мәделханұлы